

ҚАРЖАУБАЙ ЖҰМАЖАНОВ – ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ТАНЫМАЛ ФОЛЬКЛОРШЫ ҒАЛЫМ

Т. А.Торткүлбаева,

ф.ғ.д., (PhD). Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты, Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы, Нөкіс

***Кілт сөз.** Қарақалпақстанда жасаушы қазақ халқының фольклорлық шығармаларын зерттеуші ғалым, профессор Қаржаубай Жұмажановтың ғылыми зерттеулері.*

***Ключевые слова.** Научные исследования профессора Каржаубая Жумажанова, исследователя фольклорных произведений казахского народа, творившего в Каракалпакстане.*

***Glossary.** Scientific research by Professor Karzhaubay Zhumazhanov, a researcher of folklore works of the Kazakh people who worked in Karakalpakstan.*

Қазақ фольклористика ғылымы дәл қазіргі кезде дүниеге танылған, жиналуы мен жариялануы, ғылыми-теориялық тұрғыда зерттелуі жағынан көп халықтардың әдебиеттанушы-ғалымдары тән алған дербес ғылым ретінде танылып отыр. Бұрын әдебиеттанудың бір саласы ретінде қаралып келген фольклористика қазір әлемдік филологияда жеке пән ретінде қарастырылуда. Фольклорлық мұраларды бағалауда, талдап тексеруде көптеген табыстарға ерісілді.

Халықтың ауыз әдебиетін оның тарихынан, басынан кешірген қоғамдық-әлеуметтік өмірінен, қала берді этнографиясы мен географиясынан бөліп қарауға болмайтындығы ақиқат шындыққа айналуда. Бір сөзбен айтқанда, әрбір халықтың, ұлт пен этностың фольклоры – оның сол дәуірдегі энциклопедиясы ретінде танылып та, бағаланып та келеді. Фольклордан халқымызың өткендегі қоғамдық-әлеуметтік тұрмысын, тарихын ғана емес, әдет-ғұрпын, салт дәстүрін, діни наным-сенімдерін, тіл байлығын, қала берді отбасылық жол-жоралғыларын т.б. танып біле аламыз.

Профессор Қ.Жұмажанов өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын Қарақалпақстандағы қазақтардың бай да құнарлы ауыз әдебиетін жинаудан, жиналған дүниелерді жүйелеп топтастырудан бастағаны мәлім. Қай кезде де Қарақалпақстан мен Хорезм аймағы қазақтардың ауыз әдебиеті материалдарына бай, жыраулық, жыршылық дәстүрлердің шоғырланған өлкесі ретінде танылған болатын. Тіпті, өткен ғасырларда да бұл өлкеге табаны тиген зерттеушілер мен

ғалымдар, әсіресе, орыс ориенталистері ауыз әдебиетінің бірқатар нұсқаларын жазып алумен, жариялаумен айналысқан.

XX ғасырдың алғашқы жартысында Бесқала өңірінің әдебиетін жинаумен шұғылданған қазақ, өзбек, қарақалпақ ғалымдары көп болды. Олар халық арасынан жинаған, топтаған материалдарын ӨзҒА Қарақалпақстан бөлімінің қолжазбалар қорына тапсыратын.

Ауыз әдебиеті қазыналарын жинап, зерттеуге бет бұрғаннан бастап, Қаржаубай Жұмажанов өз жұмысын алдымен осы ӨзҒА Қарақалпақстан бөліміндегі қолжазбалармен танысудан бастайды. Ұзақ күндер, тіпті айлар бойы сарыла отырып, жүздеген папкаларды ақтарып, олардың арасынан қазаққа қатыстыларын бөлек жүйелеп, өз алдына тізімге алады, картотекалар жасайды. Нәтижеде, қолжазба қорындағы әдеби мұралар арасынан қазақ халқының әдебиеті мен фольклорына қатысы барлары өз алдына сұрыпталады.

Оның үстіне педагог-ғалым ұзақ жылдар бойы жоғарғы оқу орындарында (Қарақалпақ университеті, Нөкіс пединституты) қазақ халқының ауыз әдебиеті пәнінен лекция оқыды, практикалық, семинар сабақтарын да жүйелі түрде жүргізіп отырды. Студенттермен бірге өзі басқарып жыл сайын фольклорлық экспедицияларға шықты, Бесқала маңындағы қазақтар жасайтын аудандардың, ауылдардың бәрін дерлік ерінбей аралап шықты деуге болады. Қарақалпақстанмен көршілес отырған Түрікменстанның да қазақ ауылдарында апталап жатып, ауыз әдебиетіне, қазақ халқына байланысты болған материалдар мен деректерді жинап, жүйелеуге құлшына кіріскен еді.

Ғалымның жеке архивіне Бесқала қазақтарының арасында кең таралған салт өлеңдері, мақал-мәтелдер, ертегілер, күлдіргі сөздер, жоқтау мен беташардың да небір нұсқаларын сақтады.

Автордың фольклорлық зерттеулері тақырыбының сонылығы, мәселені айқын және дәл қоюы, оны ғылыми көзқараспен дәлелдеуі т.б. жақтарымен ерекшеленіп тұрады. Бұл ретте, оның Тілеумағамбет Аманжолұлынан жазылып қалдырылған «Асау-Барақ» және «Қобыланды батыр» жырларына сонымен бірге қарақалпақ арасына да таралып кеткен «Қыз Жібек» эпосына жасаған ғылыми талдаулары назар аударуға әбден тұрарлықтай.

«Асау-Барақты» Тілеумағамбет Аманжоловтан да бұрын жырлаған жыраулар болғандығын айта келіп, жырлы жүйелеп, толықтырып және тарихи-жырларға тән сипаттарға әкелуші Тілеумағамбет екендігін нанымды түрде дәлелдеп береді. Шығарманы тарихи жыр санатында қарай отырып, тарихи жыр мен батырлық

эпостың айырмашылықтары мен ұқсас жақтарына да тереңірек үңіледі, олардың арасындағы ортақтық сипаттарға арнайы тоқтап өтеді. «Ғалымдардың (Қасқабасов С., Тұрсынов Е) пікіріне сүйеніп «Асау-Барақ» жырын эпостық тарихи жыр деп танымыз. Себебі, Тілеумағамбеттің «Асау-Барақ» жырынан екі жүйені көруге болады. Біріншісі – жырдың бас қаһармандары Барақ та, Асау да отқа түссе күймейтін, жау оғы жетпейтін, пірлері төңірегін кәміл қорғайтын батырлар және тарихи оқиға араласқан нақты адамдар болып жырланған. Сондықтан да, «Асау-Барақ»- батырлық пен тарихи жырлардың басы түйіскен, авторлық эпостық тарихи жыр деп түсінгеніміз жөн», - деген пікірі еш талас туғызбайтын ақиқат тұжырым.

Ғалымның фольклористикадағы енді бір бағалы пікірі – Тілеумағамбет Аманжолұлының жырлаған, жүйелеп жазып қалдырған «Қобыланды батыр» эпосы жайында айтқан пікірлері. Бұл болжамдар ғылыми дәлдікке сәйкес айтылған дәйекті тұжырымдар деп таныған жөн. «Қобыланды батырдың» қазақша варианттары да, версиялары да көп. Сонымен қатар бұл жыр туысқан қарақалпақ халқының да ұлттық эпосы болып табылады. Қыпшақ руы қарақалпақтар арасында да бар, әрі олар бұл халықтың негізін құрайтын үлкен де құдыретті тайпалардан есептеледі. Қ.Жұмажанов талдаған Т.Аманжоловтың варианты қазақстандық зерттеушілерге оншалықты таныс емес, Қарақалпақстаннан табылған ең көркем әрі толық нұсқасы екендігін автор дұрыс көрсетіп өткен. Т.Аманжолов жырлаған «Қобыландыны» қазақша және қарақалпақша версияларымен салыстыра талдай отырып, ондағы кейбір сюжеттік, көркемдік элементтерге де тоқталып, өз пікірін нақтылай түседі. Мысалы: «Тілеумағамбет вариантында Қобыланды Қозғалмасқа аттанар алдында Сатемір патшаға елін аманат деп тапсырады. Сатемір аманатқа қиянат етіп, қорғай алмағанын көрсетеді. «Қобыланды батыр» жырының бұл нұсқасында батыр Қобыландының қозғалыстары - Сатемір ханның күншілдігінен басталады. «Қобыланды батыр» жыры қаһарман образын тізбектеп баяндап жырлау арқылы толық, тұтас батыр образын жасаған. Сауапхан, Сатемір хан, Аққұртқа, қырық жігіт, Қозғалмас, Құнанбел, Алшағыр образдары Қобыланды тұлғасын тағы да күдәреттә және қаһарлы, қайтпас, жау жүрек, елсүйер етіп көрсету үшін жырға арнаулы түрде сіңірілген портреттер ретінде танылады», - деп түйіндейді ғалым Жұмажанов өз пікірлерін.

Фольклористика ғылымы көне де, жаңа да ғылым қатарына жатады. Көне болатыны – ғылымның негізі өте ертеде- ақ қаланған. Әр дәуірде фольклор бойынша іргелі зерттеулер жазылып, ғылымның зерттеу методологиясы қалыптасқан, ал жаңа болатын себебі – фольклористика үнемі дамып, жаңарып, соны пікірлер, ғылыми зерттеулердің жаңаша түрлері мен принциптері, концепциялары пайда болуда. Қаржаубай Жұмажанов

фольклористика ғылымында соңғы жетіскендіктерді жақсы түсініп, дұрыс меңгерген және өз зерттеулерінде оларды тиімді пайдалана білді.

Қарақалпақ аймағындағы қазақ фольклоры мен әдебиетін зерттеуде жанашыр ғалым, білікті маман, ұлағатты ұстаз болды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қ. Жұмажанов.Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті. Алматы, Арыс баспасы, 2006 ж. 164 б.
2. Қ.Жұмажанов. Халық шайырлары поэзиясында фольклорлық хәм даралық дәстүр. Нөкис. Билим. 1993 ж 120 б
3. Қ.Аралбаев. Бесқала өрнектері. Алматы, Арыс баспасы, 2016 ж. 108 б.
4. Торткулбаева Т. А. Из истории изучения казахского фольклора и литературы на территории Каракалпакстана //Вестник Челябинского государственного университета. – 2011. – №. 28. – С. 103-105.
5. Tursinay T. THE POEMS AND BLANK VERSES BY KAIROLLA IMANGALIEV //Восточно-европейский научный журнал. – 2016. – Т. 13. – №. 3. – С. 97-99.
6. Taubaevich K. Z. et al. The Role Of William Shakespeare's Work In The Development Of European Literature //Journal of Positive School Psychology. – 2022. – Т. 6. – №. 8. – С. 299-304.